



биыл кәмелетке толмаған 700-ден аса бала қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Соңғы наурыз айының өзінде 378 жасөспірім қылмысқа бой ұрған. Олардың ішінде ауыр емесі – 32, ауырлығы орташа – 147, ауыр – 162, аса ауыр 15 факт тіркелген.

Жасөспірімдер арасында болып жатқан оқиғаларды, қоғам және ата-ана талаптарын қалыптасқан санасы арқылы өткізеді. Бала бір нәрсемен айналысып жатқан кезде оны басқа нәрсемен айналысуға мәжбүрлеу еш нәтиже бермейді. Баланы ынталандырған жөн. Түсіндіру кезінде қажетті

іс-шара барысында мынандай тақырыптар талқыланып отырды:

1. Отбасылық челлендж «Мейірімділік отбасынан басталады»

2. Бейнероликтер, фотосуреттер, қылқалам туындылары, жазбалар челленджі

«Мен буллингке қарсымын!»

3. Галстуксыз бір сағат

Белгілі қоғам қайраткерлерімен, жетістікке жеткен танымал тұлғалармен кездесу.

Сынып сағатында тақырыпқа байланысты тележобалар мен деректі фильмдерді көрсету, талқылау.

4. Медицина қызметкерлерімен кездесу күні.

5. Құқық қорғау және әскери қызметкерлерімен кездесу күні

«Ұранды елдің - ұрпағы қайсар», «Мен - Отан қорғаушымын!»

Мындай іс-шаралар жастар арасындағы қылмысты азайтып, олардың өмірге деген көз-қарасы мен ойын өзгерту мүмкін.

Еліміздің әр баласы – мемлекетіміздің болашағы. Олардың тәрбиесіне, өміріне мән беріп, немен айналысатындығына, кімдермен байланыста екендігіне, бос уақытын қалай өткізетіндігіне назар аударуы керек. Балалардың өміріне қатысты барлық жағдай елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені, баланың өмірі мен тағдыры бәрінен қымбат. Оның қалыптасуына, өмірде дұрыс адам болып өсуіне қоғам, мемлекет болып көмектесуіміз қажет. Осыдан келіп барлық жұмыстарға мазмұндық және сапалық өзгерістер ауадай керек. Ең бастысы, кез келген баланы қылмыс әлемінен алшақтатудың, соның құрығынан құтқарудың жолдарын табуымыз тиіс.

Қорытындылай келе кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар белең алуда. Онымен күресу үшін мемлекеттік органдармен байланыс орнатып, патриоттық сезімін, мәдени құндылықтарды дамытып, құқықтық сауаттылығын ашып алдын алу шараларын қолдану керек.

Асем ЖАКАНБАЕВА,
М. Әуезов атындағы
ОҚУ колледжі химия пәні
мұғалімі.

Майра ЖҰМАДІЛ,
ағылшын тілі пәні
мұғалімі.

Еліміздің әр баласы — мемлекетіміздің болашағы

Өкінішке орай, елімізде жасөспірімдер қылмысы азаймай отыр. Дерекке сүйенсек, жыл сайын орта есеппен 145 мыңнан астам заң бұзушылық тіркеледі екен. Бозбала мен бойжеткендер арасындағы теріс қылықтың көбі ұрып-соғу, ұрлық және өз-өзіне қол салу сияқты фактілерден тұрады. Ең сорақысы, жылына заң талабымен жазаланатын жасөспірімнің кемінде біреуі бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу үшін тәрбиелеу колонияларына жіберіледі.

Жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы екі есе көбейеді. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жеткіншектерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқық

бұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі. Тәртіп сақшылары қанша

дерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан



жерден жұмыс істеп жатырмыз десе де, қылмысты азайту күнтіртібінде тұр. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, құқық-бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді. Қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлім-

шыққан. Ал, енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады.

Жас өскіннің бүршік жармай жатып қылмысқа баруы – жан-түршігерлік жағдай. Десек те, елімізде жеткіншектердің қылмысы жылдан-жылға көбеймесе, азаймай тұр. Мәселен, республика бойынша

сөздерді тауып қолдану керек. Ашу кезінде айтылып қалған қатал сөздер – реніш, түсініспеушілік ешқандай нәтиже бермейді. Ата-аналарды тыныштандыратын әңгімелесу ғана емес, іс-әрекет те маңызға ие екенін ұмытпау қажет. Ол арқылы бала тұлға ретінде қалыптасады.

Қазіргі Қазақстанда жастар өзара өте күшті конкуренцияға түсуде, сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық, мүлктік, саяси көзқарастары бір-біріне қарама-қайшы келеді. Бүгінгі жастар ортасында әлеуметтік топтар арасында қарама қарсылық бар, яғни, бір топ жастар өзін қорғауда біреулерге арқа сүйейді. Ал, екінші топ ондай көмекке ие бола алмайды. Сондықтан олар қыспаққа түседі.

Осындай жағдайлар болмас үшін, колледж қабырғасында 1 айлық «Мейірім – жүректен» іс-шара болып жатыр. Бұл жиынның мақсаты «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы, сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау фактілерін болдырмау және өмір қауіпсіздігін сақтау».